

MINOR «ИМИДЖЕЛОГИЯ»

Бағдарламаның ерекшеліктері: Minor «Имиджелогия» білім беру бағдарламасының вариативті модулі болып табылады. Minor бағдарламасында дәрістер оқу және практикалық сабақтар өткізу қарастырылған. Онда имиджелогияның жалпы негіздері, педагог имиджінің құрылымы мен оны жобалау технологиясының ерекшеліктері, мұғалімнің кәсіби имиджі мен әдебі (этикасы) жайлы теориялық білім негіздері, өзін-өзі таныстырудың негізгі әдістері, білім беру қызметтерін ұйымдастыру және маркетинг, тартымды имидж, заманауи тұлғаның өмірлік жағдайларға сәйкес келетін лайықты мінез-құлық, сырт көрініс модельдерін құру, болашақ мамандардың күнделікті қарым-қатынас, іскерлік байланыс саласына қажетті білімдермен жүйесі қарастырылады.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері: Жағымды (позитивті) имидж бен кәсіби-тұлғалық тұрғыдан қалыптасу мәселелері бойынша теориялармен тереңірек танысу; өмірлік жағдайларға сәйкес келетін лайықты мінез-құлық модельдері мен тартымды имиджді қалай құрудың әдіс-тәсілдерін меңгеру; кәсіби жұмыс дағдыларын игеруі, табысқа жетуі, адамдардың өзіне деген көзқарасын басқаруы, сүйіспеншілік пен құрмет сезімдерін оята білу іскерліктері мен дағдылары жайлы жүйелі білімді қалыптастыру:

- гуманитарлық білім саласы ретінде имиджелогияның мәнін анықтау, ғылыми білім жүйесіндегі имиджелогияның байланысын, орны мен рөлін, оның басқа ғылымдармен өзара әрекеттесу дәрежесін зерделеу;
- имидждік біліммен қарулану, имидждік мәселелерді, имидждің қалыптасуының ерекшеліктерін зерттеу;
- болашақ кәсібінің әлеуметтік маңыздылығы түсініп, оны жүзеге асыруға дайын болу;
- қазіргі заманғы педагогтың имиджін құрудың жалпы негіздерін, қоғамның әртүрлі топтары (әріптестер, оқушылар, ата-аналар, әкімшілік және т.б.) алдында педагогтың өзін-өзі таныстыру ережесін білу;
- өзінің кәсіби қызметі шеңберінде сөз сөйлеу мәдениетін жетілдіру;
- ғылыми-педагогикалық және өзге де ақпараттық материалдарды құрастыра білуі;
- қазіргі педагог имиджінің элементтерін жобалау;
- білім беру саласының жұмыс берушісі үшін түйіндеме мен портфолио жасау тәжірибесін меңгеру;
- өзін-өзі таныстыру аясында көпшілік алдында сөйлеу тәжірибесін меңгеру.
- кәсіби саладағы өзара әрекеттесу түрлері мен тәсілдерін зерттеу; жеке имиджді құру ерекшелігін қарастыру;
- жеке тұлғаның жағымды қасиеттерінің технологиясын қарастыру;
- тұлғааралық және іскерлік қатынастарды шебер пайдалануға көмектесу;
- білім беру саласындағы имидждің ерекшелігін анықтау.

Бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелері:

ОН 1 - имиджелогияның дамуының негізгі кезеңдерінің мәнін білу;

ОН 2 - қазіргі заманауи педагогтың имиджін дамыта білу жолдарын меңгеруі;

ОН 3 - өмір бойы білім алу, оқу, үйрену қағидалары негізінде өзін-өзі дамыту траекториясын құруға және оны жүзеге асыруға қабілетті;

ОН 4 - өз уақытын тиімді басқарудың негізгі әдістері мен қағидаларын, өзін-өзі бақылаудың, өзін-өзі дамытудың және өзін-өзі оқытудың негізгі әдістерін біледі; үздіксіз білім алу, (өмір бойы білім алу) принциптерін ұғынады;

ОН 5 - кәсіби қызметте имиджелогия терминологиясын қолдану;

ОН 6 - эстетикалық қабылдау теориясын, визуалды қабылдау процесін қолданады;
ОН 7 - кез-келген жағдайда орынды және талғампаз болуды үйренеді;
ОН 8 - өз уақытын тиімді жоспарлай және басқара алады, оқыту процесінде және кәсіптік дамуда жеке тиімділікті арттыру үшін заманауи әдістер мен цифрлық құралдарды қолдана алады;
ОН 9 - кәсіби салада дағдылар мен имиджді қалыптастырады;
ОН 10 - өзін-өзі диагностикалау және өзін-өзі дамыту траекториясын түзету және алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу тиімділігін арттыру үшін рефлексия дағдыларын меңгерген.

Бағдарламаның мазмұны:

№	Пәннің атауы	Кредит	Сағаттың үйлестірілуі				Пәннің қысқаша сипаттамасы	Қалыптасаттыратын оқу нәтижелері
			Лекция	Практика/зертхана	СӨЖ	СӨЖ		
1	Имиджелогияның шығу тарихы	5	15	30	30	75	Имиджелогияның шығу тарихы пәнінде: -«имидж» ұғымының жалпы негіздері; - «имиджелогия» ғылымының мәні, қалыптасу тарихы; - позитивті имиджді қалыптастыру қажеттілігі туралы идеялар; - имиджбен тығыз байланысты негізгі ұғымдар: кәсіби қызметтің сәттілігіндегі, бедел және оның рөлі, қоғамдық пікір және оның қалыптасу ерекшеліктері ұсынылады.	ОН 1 ОН 2 ОН 3
2	Имидждеу технологиясы	4	15	30	30	75	Имидждеу технологиясы пәнінде: - жеке тұлға мен ұжымның сыртқы және ішкі имиджін қалыптастыру технологиясының негіздерін қарастырады; -позитивті имиджді сақтау және қорғау жеке тартымдылықты қалыптастыру технологиясының кезеңдері; -көпшілік алдында сөз сөйлеу технологиясы (баяндама құрылымы, спикердің аудитория алдындағы мінез-құлқы, көңіл күй, эмоциясы); -жас мұғалімнің портфолиосын құруға қойылатын талаптарды, қазіргі білім беру ұйымының имиджін жобалаудың негізгі ерекшеліктері;	ОН 4 ОН 5 ОН 6

							-жұмыс беруші ұйымның аясында мұғалімнің оң имиджін құру технологиясы; -жеке имидждің психологиялық аспектісі; -жеке имиджді қалыптастырудың тиімді шарттары мен алғышарттары; -тұлға типологиясы-имидждік бейімділікті бағалаудың негізі ретінде; -жеке имидж құру кезеңдері, позитивті көзқарасты қалыптастыру; - жетістікке жету технологиясы; - имиджмейкерлік қызмет; -өзін-өзі тәрбиелеу элементтерін және өзін-өзі бағалау кезеңдерін анықтауды; -қолайлы шаш үлгісімен кескін жасауды; -бет макияжын және оның қол жетімділігін; - дене қимылдарының тілін; -ишара қарым-қатынас құралдарының маңыздылығы сипатталады.	
3	Педагогтың имидж стилі	5	15	30	30	75	Заманауи педагогтің кәсіби әдебі, имиджі және стилі пәнінде: -педагогикалық мамандыққа қатысты имидждің ерекшелігі; -қазіргі педагог имиджінің негізгі құрылымдық элементтері; -педагог этикасының кодексі; -қазіргі мұғалімнің имиджін жобалау алгоритмі; -имидждік шешімдердегі этикалық, эстетикалық аспектілер, жеке имидждің атрибуттары мен факторлары; -бейресми, ресми кездесулердің ерекшеліктері мен қарым-қатынас ережелері қарастырылады.	ОН 7 ОН 8 ОН 9